«Бекітемін»
Мектеп директоры: ________ Л.Х.Еспанова
«_4_» __09__ 2021 жыл

«Қаралды»
№1педкеңес қаулысы
«_31_» _тамыз_ 2021 жыл

# Ақтөбе облысы

# Әйтеке би ауданы

# Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ

# 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының

# ҚЫРКҮЙЕК – Білім айы

- *ҚР Конституциясына – 26 жыл;* *1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары;*
- *Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы;* *5 қыркүйек-Тілдер күні, апталық;*
- *Отбасы күні.*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысу шылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | 1қыркүйек «Алғашқы қоңырау» **«Кел, балалар, оқылық!»** 1сыныптарға «Әліппе» алғашқы оқулығын салтанатты түрде табыстау 2-11 сыныптар бойынша ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған **«Тәуелсіздік жетістіктері»** | Салтанатты жиын<br>Тәрбие сағаты | 1-11 сыныптар | Мектеп әкімшілігі ДТІЖО Музыка пәнінің мұғалімі |
| | | **«Ата Заң – алтын діңгегім!»** */ҚР Конституциясына – 26 жыл/* | Тәрбие сағаты | 9-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | **«Абайлаңыз балалар!»** акциясы */арнайы жоспар/* | Акция | 1-4 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы |
| | | *Білім басқармасы, құқық қорғау органы, прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп* **«Мобильді топ»** *құру* | Бұйрық, рейд жүргізу | «Мобильді топ» мүшелері | Мектеп әкімшілігі ДТІЖО |
| | | **«Мектептегі мінез-құлық ережелері»** *(Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру)* | Тәрбие сағаты | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 2 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | 5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру **«Тіл және Тәуелсіздік»** **«Ахмет Байтұрсынов –зиялылар көсемі»** | Эссе<br>Көрме | 5-11 сынып оқушылары, Пән мұғалімдері | ДТІЖО «Өрлеу» бірлестік мүшелері Кітапханашылар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ | **«Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес»** және **«Адамдарға қуаныш сыйла!»** *қайырымдылық акциясы* | Акция | 1-11 сыныптар<br><br>6 сыныптар | Құқық және тәртіп фракциясы<br>Әлеуметтік педагог<br>Қайырымдылық фракциясы |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнеге- отбасынан »**<br>*/арнайы жоспар/* | Апталық | 1-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Педагог –психолог<br>Әлеуметтік педагог<br>Өзін-өзі тану және Бақыт фракциясы |
| | | Бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру. **«Құндылықтарға негізделген білім беру»** бағдарламасы аясында мектепте **«Аталар мектебі», «Әжелер мектебі» клубын** құру.<br>*/Арнайы жоспарлар әзірлеу/* | Жоспарға сәйкес | Аталар, әжелер, аналар,әкелер мектебінің мүшелері | ДТІЖО<br>«Аталар»,«Әжелер» «Аналар»,«Әкелер» мектебінің төрайымы, төрағасы |
| 5 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Кел, балалар, оқылық!»**<br>/Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы/ | Челлендж | 1-11сыныптар<br>Ата-аналар, мұғалімдер | Мектеп әкімшілігі<br>Сынып жетекшілері<br>Өзін-өзі басқару ұйымы |
| 6 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Күзгі табиғат көрінісі»** | Сурет байқауы | 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілер<br>Аға тәлімгер<br>Экология және еңбек фракциясы |
| | | **«Мен туған өлкемнің тазалығына үлес қосамын!»** | Челендж | 10 сыныптар | |
| | | **«Taza Alem» экологиялық жоба** | Акция | 11 сыныптар | |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **Мәдениеттілікті өзіңнен баста!** | Видео ролик | 9 сынып | Сынып жетекшілер<br>Аға тәлімгер<br>Мәдениет және өнер фракциясы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ | «NO SMOKING DAY» шылым шегуге қарсы! (видео роликтер көрсету) | Акция | 8-11 сыныптар | Спорт және салауатты өмір салты фракциясы Сынып жетекшілер |

# ҚАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы

- *1 қазан – Мұғалімдер күні, Қарттар күні;*
- *Қасым Аманжоловтың 110 жылдығы;*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Қылмыссыз балалық шақ»** *\/арнайы жоспар\/* | Апталық | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Құқық және тәртіп фракциясы Мектеп инспекторы Педагог-психолог Сынып жетекшілер |
| | | **«Тұрмыстық зорлық – зомбылықсыз Қазақстан»** | Апталық | | |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | Шаңырақ қауымдастығы **«Ұстазға мың алғыс!»** | Мерекелік концерт | 11,7 «А», 4 «Б» сыныптар Мұғалімдер | ДТІЖО 11сын.жетекшілері |
| | | **«Көңілді мәре»** Жас ұстаздар арасында | Спорттық сайыс | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Тәлімгер |
| | | **Шаңырақ қауымдастығы** 1қазан - Қарттар күніне арналған «Қарттарым, аман-сау жүрші!...» | Қайырымдылық акциясы | 8 «А» сынып | Сынып жетекшілер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Қазыналы қария, ақылы асқан дария» | Дөңгелек үстел | 2 «А» сынып | Аға тәлімгер Қамқорлық фракциясы |
| | | «Үлкенге –құрмет,кішіге ізет» | Видео ролик | 5 «Ә» сынып | |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Даламды күймен тербедім»** | Домбырашы-лар челленджі | 2-11 сыныптар | Үйірме жетекшілері |
| | | **«Өзге емес, өзім айтам өз жайымда»** *(Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай)* | Әдеби кеш | 5-8 сыныптар | Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Тұтқышбаева А.Ж Туралина С.Б |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Үш ғұмыр, бір тағдыр»** Ж.Жабаев -175 жыл, М.Мақатаев -90жыл Ы.Алтынсарин-180жыл | Ашық тәрбие сағаты | 4 «А» сыныбы | Кітапханашы Сынып жетекшісі |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Табиғатты аялап сақтайық!»** | Акция | 9 «А» сыныбы | ДТІЖО Сынып жетекшісі Экология және еңбек фракциясы |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Бір кітап-бір сынып»** | Оқырман ойы | 9 «А» сыныбы | Кітапханашы Сынып жетекшісі |
| | | **«20 минут оқы да 3 минут эссе жаз»** | Кітап оқу марафоны | 4 сыныптар | Кітапханашы Сынып жетекшісі |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Тәуелсіз елдің ұрпағы»** | Патриоттық әндерден челлендж | 3-4 сыныптар | Сынып жетекшілер Музыка пәнінің мұғалімі |
| | | **«Мәдениеттің ғажайып әлемі»** | Мұражайға саяхат | 1 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | «Тарих беттерінен...» | Интеллектуалды ойын | 8 сыныптар | Тарих пәннің мұғалімдері<br>Сынып жетекшілер |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **АИТ/ЖИТС алдын алу кеңестер** | Жоспарға сәйкес | 5-11 сыныптар | Медбике |
| | | **«Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?»** | Медицина қызметкерлері мен кездесу | 7-8 сыныптар | ДТІЖО<br>Спорт және салауатты өмір салты фракциясы |

# ҚАРАША – Поэзия айы

- ***15 қараша-Ұлттық валюта күні;***
- ***Ақын, Қазақстанның халық жазушысы Мәриям Хәкімжанованың 115 жылдығы;***
- ***Ы.Алтынсаринге -180 жыл;***

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ | **«Қоғамдық тәртіп негіздері»** | Дебат | 8-11 сыныптар | Дебат клубының жетекшісі<br>Дебат қозғалысының фракциясы |
| | | **«Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!»** */арнайы жоспар/* | Апталық | 5-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер |
| | | **«Тәуелсіздіктің нұры-тұңғыш ЕЛБАСЫ»** | Танымдық сабақ | 5-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Тәуелсіздік ұрпақтары» *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Челлендж | 5-10 сыныптар | Кітапханашы Мәдениет және өнер фракциясы |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | 15 қараша-Ұлттық валюта күні **«Теңге – Тәуелсіздік келбеті» «Ұлттық валютамыз – тәуелсіздігіміздің көрсеткіші»** | Тәрбие сағаттары | 5-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | **«Біз оқитын 30 кітап»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | «REDx» жұмысы | 5-11 сыныптар | Кітапханашы Сынып жетекшілер Ақпарат фракциясы |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Тәуелсіздікке тарту»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Қолөнер көрмесі | 4-10 сыныптар | Эстетика пән бірлестігі |
| | | **«Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы»** | Үздік ЭССЕ конкурсы | 5-9 сыныптар | Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Әкеге-ізет, анаға – құрмет»** | Дөңгелек үстел | 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілері |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Адал еңбек бейнесі»** | Сурет конкурсы | 2-3 сыныптар | Тәлімгерлер Сынып жетекшілері |
| | | Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған **«Үнемділік инноваторы»** | Жарнамалық жұмыстар конкурсы | 5-10 сыныптар | **Физика және информатика пән мұғалімдері** |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | Мектепте, үзілісте... **«М.Хакімжанованың өлеңдерін оқимыз»** | Бірыңғай оқу сағаты | 9«Ә» сыныбы | Сынып жетекшісі |
| | | Ы.Алтынсарингe -180 жыл **«Ұлы даланың ұландары»** | Зияткерлік ойын | 5 -7 сыныптар | Г.Мамырова Б.Садуова Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері Кітапханашылар Ақпарат фракциясы |
| | | **«Ата аманатына адалдық»** Ж.Жабаев -175жыл | Саяхат көрме | 8-11 сыныптар | |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–** | **«30 үздік қолөнер бұйымы»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Сыныпар лық байқау | 1-10 сыныптар | Сынып жетекшілер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ | | | | «Өнер» пән бірлестігі |
| | | **"Жұлдызға жол" балалар байқауы** | Байқау | 5-6 сыныптар | Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы<br>Музыка пәнінің мұғалімдері<br>Үйірме жетекшісі |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Шахмат-day»**<br>*(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Отбасылық турнир | 5-7 сыныптар | Спорт нұсқаушы<br>Дене тәрбиесі пән мұғалімдері<br>Спорт және салауатты өмір салты фракциясы<br>Үйірме жетекшілері<br><br>Сынып жетекшілері |
| | | **«Әлемді бағындырған жерлесіміз»** | Кездесу | 8-11 сыныптар | |
| | | **«Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау»** | Тәрбие сағаты | 1-11 сыныптар | |

# ЖЕЛТОҚСАН – «Тәуелсіздік –орындалған арман. Қазақстан жолы»

- *1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күні;*
- *1желтоқсан - Халықаралық ЖИТС-ке қарсы күрес күні*
- *16 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 30 жылдығы.*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Тәуелсіздіктің 30 қадамы»** | Конференция | 8-11 сыныптар | Тарих-география пән мұғалімдері<br>Құқық және тәртіп фракциясы |
| | | **«Бейбіт күннің батыры»** *(Желтоқсан оқиғасына-35 жыл)* | Кездесу | 5-11 сыныптар | Мектеп әкімшілігі<br>ДТІЖО |
| | | Шаңырақ қауымдастығы **«Тәуелсіз елім, кең байтақ жерім»** | Мерекелік кеш | 3 «А», 6 «Ә», 9 «А» сыныптар | Аға тәлімгер<br>Мәдениет және өнер фракциясы<br>Кәсіподақ комитеті |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Мен және менің елім»** | АРТ - көрмесі | 1-11 сыныптар | Өнер пән бірлестігі<br>Сынып жетекшілер |
| | | **«Ұлы дала жаршысы»** Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай | Бейнеролик байқауы | 5-8 сыныптар | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Елбасының көшбасшылық сабақтары»** | Тәрбие сағаттары | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі»** | Дебат | Дебат клубының мүшелері | Дебат клубының жетекшісі<br>Дебат қозғалысының фракциясы |
| | | **Шаңырақ қауымдастығы «Елін сүйген-Елбасы»** | Мерекелік шара | 1 «Ә»,7 «Б»,3 «Ә» Сыныптары | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **Қыздың ары- елдің ұяты»** | Дөңгелек үстел | 1-11 сыныптар | ДТІЖО |
| | | **«Қайырымдылық –жылы жүректен»** | Семинар-тренинг | | Мектеп психологтары, әлеуметтік педагог |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Іскерлік қарым-қатынас этикасы»** | Тәрбие сағаттары | 8-10 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | **«Жарнама жасау өнері»** | | 5-7 сыныптар | |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Өмірі тұнған өнеге»** | Ток-шоу | 7-10 сыныптар | «Жас жалын» жастар ұйымы |
| | | **«Тәуелсіз ел -Қазақстан»** | Сайыс | 1-11 сыныптар | Мектеп әкімшілігі<br>ДТІЖО |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Жамбыл сүйген ән-күйлер»** | Сазды кеш | 5-10 Сыныптар | ДТІЖО<br>Музыка жетекшісі<br>Аға тәлімгер<br>Мәдениет және өнер фракциясы |
| | | **Жаңа-жылдық шырша** | Мерекелік іс-шара | 1-11 сыныптар | |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» ЖИТС қарсы күн** | Апталық | 5-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Мектеп медбикесі,<br>«Наркобекет» ұйымы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» | Спорттық сайыстар | 1-11 сыныптар | Спорт нұсқаушы<br>Спорт және салауатты өмір салты фракциясы<br>Үйірме жетекшілері |

# *ҚАҢТАР АЙЫ*

- **КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ Д.А.ҚОНАЕВ - 110ЖАСТА;**
- ***ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС.***

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысу шылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер»** | Дебат | Дебат клубының мүшелері | Дебат клубының жетекшісі<br>Дебат қозғалысының фракциясы<br>Аға тәлімгер<br>«Адал ұрпақ» клубы |
| | | **«Жемқорлықтың тарихи тамыры»** | Тәрбие сағаты | 5-7 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | **«Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді»** | Тәрбие сағаты | 1-4 сынытар | |
| **2** | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары»**<br>*«Қамқорлық» акциясы* | Акция | 8-9 сыныптар | «Жас жалын» жастар ұйымы<br>Қамқорлық фракциясы |
| **3** | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Тату үйдің тамағы тәтті»** | Видеоролик жарысы | Пән мұғалімдері | Пәндер бірлестігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **«Ғасырдың дара перзенті»** */Д.А.Қонаев-110 жаста/* | Тәрбие сағаты | 8-11сыныптар | Сынып жетекшілер |
| **4** | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Отбасылық таланттар»** | Отбасылық шығармашылық фестивалі | 1-8 сыныптар | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер |
| **5** | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Ер дәулеті еңбек»** | Шеберлік сағат | 9 сыныптар | Технология пән мұғалімдері |
| **6** | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Бірге кітап оқиық!»** | Эстафета | 5-11сыныптар | ДТІЖО<br>Кітапханшы<br>Ақпарат фракциясы |
| **7** | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Оқушы мен ұстаз мәдениеті»** | Дөңгелек үстел | 10 сыныптар | Өзін-өзі басқару ұйымы |
| **8** | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Қызықты қыс»** | Спорттық ойындар | 2-4-сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>Дене тәрбиесі пән мұғалімдері |

# АҚПАН АЙЫ

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушы лар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ | «Балалар қылмысы:ұрлық пен бопсалау» | Тәрбие сағаты | 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | «Құқықтық сауаттылық - заман талабы» | Әңгіме - сұхбат | 7-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 2 | РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ | «Ұлттың ұлы ұстазы» | Ашық тәрбие сағаты | 8 «Ә»сынып | Сынып жетекшісі Еспенбетова Г.Л |
| | | «Қазақ поэзиясының Хан –Тәңірі» | Ашық тәрбие сағаты | 9 «Ә» сынып | Сынып жетекшісі Муханбетова Д.Е |
| 3 | ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ | «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» | Ақпараттық сағат | 8-11 сыныптар | Сынып жетекшілер «АНТ» тобы |
| 4 | ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ | «Әке жолы-ізгі жол» апталық | Әңгіме, кеңес интелектуал дық сайыс,жиналыс | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Педагог –психолог Әлеуметтік педагог |
| 5 | ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ | «Ізденіс,еңбек,талпыныс-жетістік кілті | Кездесу | 9-11сыныптар | Тәлімгерлер |
| 6 | ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ | «Өзіңді тану-өмірді тану» | Апталық | 1-11-сыныптар | Кітапханшы Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Патриоттық , адамгершілік ,қайырымдылық» | Дебат | 8-10 сыныптар | Дебат клубының жетекшісі<br>Дебат қозғалысының фракциясы |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Адам бойында бәрі де әдемі,сұлу болуға тиіс»** | Қыздар кеңесі | 8-11сынып қыздары | ДТІЖО<br>Педагог –психолог<br>Сынып жетекші<br>Г.Сапарова |
| | | **«Кітап –сенің ақылшың»** | Танымдық сабақ | 2 «Ә» сынып | |
| **8** | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Отбасылық эстафеталық ойындар»** | Жарыс | 3-4 сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>Дене тәрбиесі пән мұғалімдері |
| | | **«Денсаулық – ең басты қажеттілік»** | Ойталқы | 7-8 сыныптар | ДТІЖО<br>Медбике<br>Спорт және салауатты өмір салты фракциясы |
| | | **Спорт –саулық кепілі** | Волейбол | 8-11сыныптар | Спорт және салауатты өмір салты фракциясы |

# НАУРЫЗ -«Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті»

- *1 наурыз – Алғыс айту күні*
- *8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні*
- *22 наурыз - Наурыз мейрамы*
- *27 наурыз - Дүниежүзілік театр күні*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушы лар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек»** | Эссе конкурсы | 8-9 сыныптар | ДТІЖО Қазақ тілі пән бірлестігі |
| | | **«Үміт сәулесі» акция** | Жас қырандықтар акциясы | 1-4 сыныптар | Аға тәлімгер Сынып жетекшілері |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | 1 наурыз – Алғыс айту күні **«Алғыс – бұл ...»** | Тәрбие сағаты | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілері |
| | | **«Алғыс айту-парызым»** | Мерекелік шара | 4 «А», 7 «Ә», 10 «Ә» сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілері |
| | | **«Армысың , Әз Наурыз!»** мерекелік іс-шара | Мерекелік концерт | Наурыз | Мектеп әкімшілігі ДТІЖО, Аға тәлімгер |
| | | **«Наурызым – құт берекем!»** | Ашық тәрбие сағаттары | 5-11 сыныптар | Сынып жетекшілері |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Анама арнаймын»** | Акция | 1-4 сыныптар | **ДТІЖО** Аға тәлімгер Сынып жетекшілері |
| | | **«Атадан-өсиет, анадан-қасиет»** *(тыйым сөздердің* | Зияткерлік ойындар | 8-9 сыныптар | Сынып жетекшілері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | маңызы) «Мамандықтар әлемін **ашамыз»** | Форум | 1-4 сыныптар | ДТІЖО Аға тәлімгер Сынып жетекшілері |
| | | «**Оңтүстіктің киелі мекендеріне саяхат**» | Жас блогерлерге арналған конкурс «Сурет» номинациясы | 7-9 сыныптар | ДТІЖО Аға тәлімгер Сынып жетекшілері |
| | | «**Халқымыздың батыр қыздары туралы деректер»** | Онлайн – викторинасы | 5-8 сыныптар | ДТІЖО Тарих пәнінің мұғалімдері |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Сырласайық сырғалым»** */Жеңге мен қайынсіңілінің қатысуымен/* | Сайыс | 9 сыныптар | ДТІЖО Аға тәлімгер Сынып жетекшілері |
| | | Шаңырақ қауымдастығы 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай **«Әлем бесігін тербебетін жан-АНА»** | Мерекелік іс-шара | 2 «Ә», 5 «А», 8 «ә» сыныптар Мектеп ұжымы | ДТІЖО Аға тәлімгер |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай **«Ауырмаймын десең...»** | Бюллетень сайысы | 1-4 сыныптар | Мектеп медбикесі Спорт нұсқаушы |
| | | **«Білгіштер»** | Қазақ ойындары брейн-рингі | 9-11 сыныптар | ДТІЖО Дене тәрбиесі пән мұғалімдері |
| | | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»** | Қазақтың ұлттық ойындары | 5-7 сыныптар | ДТІЖО Дене тәрбиесі пән мұғалімдері |

# СӘУІР АЙЫ

- *12 сәуір-Ғылым күні*
- *Адамның ғарышқа ұшқанына– 62 жыл*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысу шылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Батырлардың ерлігіне жүрегінмен жақында»** *(Ауған соғысы жауынгерлері туралы)* | **Кездесу** | 5-9 сыныптар | ДТІЖО Аға тәлімгер Әскери дайындық жетекшісі |
| | | **«Өрле Қазақстан»** | Патриоттық әндер байқауы | 1-4 сыныптар | ДТІЖО Ән үйірме жетек. |
| | | 12 сәуір- Ғарышкерлер күніне орай **«Ғарышқа түрен салған қыран қазақ!»** атты іс-шаралар | дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары | 5-10 сыныптар | ДТІЖО Физика-информтика пән мұғалімдері |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛК ТӘРБИЕ** | **«М. Әуезов –қазақ әдебиетінің тарланы»** | Әдеби танымдық кеш | 5-9 сыныптар | ДТІЖО Аға тәлімгер |
| | | **«Біз бәріміз бірдейміз!»** | Толлеранттылық сабағы | 9-11 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекш. |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра»** | Сән апталығы | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Эстетика бірлестігі |
| | | **«Ұмыт болған ұлттық тағамдар»** | Бейне түсірілім | 8-11 сыныптар | ДТІЖО Эстетика бірлест. |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!»** | Бейне көрсетілім | 1-4 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекш. |
| | | **«Екі жұлдыз»** *отбасылық ән байқауы* | Байқау | 5-10 сыныптар | ДТІЖО Аға тәлімгер Үйірме |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жетекшілері |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Табиғат тамашалары»** | Суреттер байқауы | 5-6 сыныптар | Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілері<br>«Экоәлем» клуб жетекшісі |
| | | **«Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?»** | Дебат | Клуб мүшелері | Дебат клубының жетекшісі<br>Дебат қозғалысының фракциясы |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы** | «TEDx» жобасы | 9-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Кітапханашы |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Шеберлер қаласы: ата-бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз»** | Шығармашылық топ | 8-9 сыныптар | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілері<br>Технология пән мұғалімдері |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | 7 сәуір –Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай<br>**«Дені сау ұрпақ-ел болашағы»** | Мамандармен кездесуі | 1-7 сыныптар | ДТІЖО<br>Мектеп медбикесі |
| | | **«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі»** | Қойылымдар байқауы | 8-9 сыныптар | ДТІЖО<br>Жаратылстану пән бірлестігі |

## МАМЫР– «Ұлттық бірлік, бейбітшілік және тұрақтылық»

- *1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні*
- *7 мамыр-Отан қорғаушылар күні*
- *9 мамыр-Жеңіс күні*
- *31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушы лар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн»** | Онкүндік | 8-11 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілері |
| | | **«Жас сарбаздар шеруі»** | Саптық шеру | 6-10 сыныптар | ДТІЖО Әскери дайындық жетекшісі Сынып жетекшілер |
| | | Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған **«Патриот»** апталығы /арнайы жоспар/ | Апталық | 1-11сыныптар | |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛК ТӘРБИЕ** | **«Тағдырыңның кілті -өз қолыңда!»** | Пікірталас | 9-11 сыныптар | ДТІЖО Педагог- психолог |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Тарихтан тағылым- өткенге тағзым»** */31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні /* | Тәрбие сағаты | 1-4 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілері |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Оқырмандар отбасы»** | Байқау | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Кітапханашы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Бір реттік ыдыстардың пайдасы мен зияны туралы»** | Пікірталас | 7-9 сыныптар | ДТІЖО Жаратылстану пән бірлестігі |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Ұстазға алғыс»**<br><br>**«Үздік жыл оқушысы-2022»байқауы** | Бейне блогтар челленджі | 10-11 сыныптар<br><br>5-8 сыныптар | ДТІЖО Өзін-өзі басқару ұйымы |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан»** *|1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күні|* | Мерекелік концерт | 1-10 сыныптар | ДТІЖО Үйірме жетекшілері, пән бірлестіктері |
| | | **«Сыңғырла, соңғы қоңырау-2022»**<br>**«Қош бол,алтын ұя, мектебім»** *(мектеп түлектерінің аттестат алу кеші)* | Салтанатты жиын | 9-11 сыныптар | Мектеп әкімшілігі сынып жетекшілер |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары»** | Танымдық сабақ | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілер |

# МАУСЫМ АЙЫ

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | ***«Қасиет тұнған қастерлі құндылықтар»*** *\/4маусым – мемлекеттік рәміздер күні/* | Салтанатты жиын челлендж | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Әскери дайындық жетекшісі Сынып жетекшілері |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Өлкенің гүл жайнаған балғындары»** *\/1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні/* | Мерекелік кеш Сурет салу байқауы | 1-7 сыныптар | ДТІЖО Аға тәлімгер Сынып жетекшілер |
| | | **«Жазғы демалысқа – жақсы кітап»** | Кітап көрмесі | 1-10 сыныптар | Кітапханашы сынып жетекшілер |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Ұлы ұлттың баласы, ұлықта Домбыраңды!»** (Ұлттық домбыра күні) | Концерт-кеш | 9-11 сыныптар, Мектеп ұжымы | ДТІЖО Үйірме жетекшілері |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Әкелер күні»** халықаралық мерекесі шеңберінде **«Менің әкем – жақсы адам»** *\/арнайы жоспар/* | Апталық | Мектеп ұжымы «Әкелер» мектебі | ДТІЖО «Әкелер» мектебінің төрағасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Экология-бүкіл әлем тағдыры»** *(5 маусым- Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні).* «Экология, өлкетану жане туризм орталығымен бірлескен жұмыстар ұйымдастыру | Экологиялық ақпарат | 5- 9 сыныптар | ДТІЖО Химия-биология пән мұғалімдері Экоәлем клубының жетекшісі |
| | | Жазғы сауықтыру лагерлерін ұйымдастыру | | 3-9сыныптар | ДТІЖО Әлеуметтік педагог |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Мен оқимын, ойнаймын, ойлаймын!»** | Зияткерлік сайыс | 9 сыныптар | ДТІЖО Ұйымдастырушы Өзін-өзі басқару ұйымы |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | Театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға экскурсия | Экскурсия | 4-9 сыныптар | ДТІЖО Аға тәлімгер Сынып жетекшілер Театр жетекшісі |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | Жазғы демалыс-2022 «Суға түссең абайла, сақтық керек қалайда» | Ақпарат беру | 1-11 Сыныптар Ата-аналар | ДТІЖО Сынып жетекшілер |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары : Н.Б.Құдайбергенов

**Т. Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп**
**2021-2022 оқу жылындағы атқарылған тәрбиелік шаралардың мазмұнына талдау-есеп**

Алғашқы қоңырау – 2021"КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!" атты 1 сынпқа арналған салтанатты жиын өткізілді.



ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, 5 қыркүйек, яғни Ахмет Байтұрсынұлының туған күні – Қазақстан халқы тілдері күні болып бекітілді.
Тілдер мерекесі қарсаңында мектебіміздің тіл мамандары 9-11 кластардан "Тіл және Тәуелсіздік " тақырыбында 5-8 кластардан " Тіл - өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем" тақырыбында эссе жұмыстарын алды.
Мектеп кітапханашылары "Ахмет Байтұрсынов- зиялылар көсемі " тақырыбында дәлізге көрме әзірледі.





2013 жылы елімізде бекітілген Отбасы күні Мемлекет басшысының Жарлығымен жыл сайын қыркүйек айының екінші жексенбісінде аталып өтіліп келеді. Яғни биылғы жылы 12 қыркүйекке сәйкес келіп отыр.Осы мереке қарсаңында 10 .09. күні мектебіміздің ұстаздары арасында «Өнеге-отбасынан » атты дөңгелек үстел аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Зейнел Өтеуұлы және аудандық білім бөлімінің әдіскері Алия Жақсылыққызының қатысуымен өтті.Дөңгелек үстелге
Алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшісі Сарманов Алтынбек Көмекбайұлының отбасыКӨМЕКБАЕВТАР ОТБАСЫМатематика пәнінің мұғалімі Оразбекова Фариза Орынғалиқызының отбасыДҮЙСЕНОВТЕР ОТБАСЫ
Технология пәнінің мұғалімі Рахметова Назгул Телбекқызының отбасыЖУСИПОВТАР ОТБАСЫқатысты. Шараға қатысқан отбасыларға аудандық кәсіподақ ұйымының атынан кәсіподақ төрағасы Зейнел Өтеуұлы Алғыс хат пен сыйлықтар табыстады.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Отбасы күніне Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 1"Ә" класс жетекшісі Балмашева Гулмира Амангелдіқызы 1 "Ә" класс оқушыларымен "Отан - отбасынан басталады" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.




"Түп қазығың - Отаның, ар - намысың - тілің, кәусар бұлағың - ұстазың, қамқоршың - әкең, ақылшың – анаң" дегендей отбасылар күні мектебімізде түрлі шаралар ұйымдастырылды. Соның бірі тартысты әрі қызықты өткен 4 "А", "Ә", "Б", "В" кластар арасында ұйымдастырылған " Әкем, шешем және мен" атты отбасылық сайыс. Сайысқа 4 кластан 4 оқушы өз ата- аналарымен қатысты. Нәтижесінде

4а кл Ермағанбетовтер отбасы. □ 1 орын.4ә кл Боранбаевтар отбасы.□ 2 орын.
4в кл Төретаевтар отбасы □3 орын. 4б кл Жолаевтар отбасы.□ Ынталандыруға ие болды.
Шараға белсене қатысқан ата- аналарға мектеп әкімшілігі атынан алғыс білдіреміз!!!



Оқушылар арасында мәдениетті, рухани- адамгершілік және патриоттық тәрбиені нығайту мақсатында 9"Ә" класс оқушыларының ұйымдастыруымен " Мен елімнің патриотымын!" атты челлендж әзірленді.Класс жетекшісі: Мухамбетова Динара Ерболатқызы.




Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- інің оқушылары арасында мәдениеттілікті, рухани- адамгершілікті нығайту мақсатында 9" А" класс оқушылары " Мәдениеттілікті өзіңнен баста" челенджіне белсене қатысып, өз үлестерін қосты.Класс жетекшісі: Ермаханова Н.М

**Ешқашан, ешкімнің ала жібін аттамай, адамгершілікті сақтау- үлкен тәрбиенің дәлелі.**



Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- інің оқушылары арасында мәдениеттілікті, рухани- адамгершілікті нығайту мақсатында 10 класс оқушылары " Мен туған өлкемнің тазалығына үлес косамын!" челенджіне белсене қатысты.Класс жетекшілері:Олжабаева Г.М. Бақтыбаева А.Д






13.09 - 19.09.2021 аралығында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында " Әйтеке би аудандық білім бөлімінің Т.Жүргенов атындағыЖОББМ- інен құрылған топ " облыстық іс-шара жоспарына сәйкес кешкі мезгілдегі рейд жұмыстарын жүргізді.





Biz birgemiz " Taza Alem" экологиялық жоба аясында
Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің " Жас Ұлан" ұйымының белсенділері мен биылғы жылдың түлектері «Түлектер ағашы » акциясына өз үлестерін қосып, мектеп ауласына барлық эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, ағаштар отырғызды.



Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ
Ағымдағы жылдың қыркүйек айында
"Қамқорлық" жобасы аясында " Адамдарға қуаныш сыйла! " акциясы өтті. Акция барысында мектебіміздің өзін- өзі тану пәнінің мұғаліміГ.А. Сағымбаева "Жас Ұлан" ұйымының мүшелерімен жалғызбасты қарияның үйіне барып көмектесіп қайтты.



Қайырымды бала- мейірімді қоғам.





Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 5- 7 кластар аралығында кәмелетке толмағандарға катысты қылмысты анықтау, жолын кесу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтардың алдын алу максатында " Өз құқығынды білесің бе?" атты тәрбие сағаттары өтті.8 "Б" классКласс жетекшісі: Құрымбаева Ж.Б







Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 5- 7 кластар аралығында кәмелетке толмағандарға катысты қылмысты анықтау, жолын кесу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтардың алдын алу максатында " Өз құқығынды білесің бе?" атты тәрбие сағаттары өтті.7"А" класс
Класс жетекшісі: Б.Т. Садуова





Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің 5- 7 кластар аралығында кәмелетке толмағандарға катысты қылмысты анықтау, жолын кесу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтардың алдын алу максатында " Өз құқығынды білесің бе?" атты тәрбие сағаттары өтті.8 "А" класс. Класс жетекшісі: Г.Р.Бегимбаева







"Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт" жобасы аясында биылғы оқу жылында Т Жүргенов атындағы ЖОББМ- інің кітапханасына жаңадан келген көркем әдебиеттерге кітап көрмесі ұйымдастырылып ,таныстырылым жүргізілді.




Жылдық жоспарға сәйкес 1- 4 класс оқушылар арасында "Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арнап " Кел, балалар, оқылық!" челленджі түсірілді.






1 қазан – Халықаралық қарттар күні құтты болсын!
Үлкенді сыйлау мен оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Осындай ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында мереке қарсаңында 5"Ә" класс оқушылары "Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет" акциясын ұйымдастырды.Класс жетекшісі: Ешімбетова А.К.





Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру,үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында 2 "А" класында " Қазыналы қария, ақылы асқан дария " атты сыныптан тыс шара өтті. Шараға оқушылардың ата-әжелері қонаққа келіп, балаларға өнегелі әңгімелерін айтып, ақ баталарын берді.Класс жетекшісі: Г.Б.Нагишева




1 қазан – Халықаралық қарттар күніҚарттарымызға құрмет көрсетіп, құттықтаумен бірге, ардагерлерімізге жан-жақты қолдау мен ыстық ықыласқа толы алғыс сезімін білдіру - біздің міндетіміз. Осы мереке қарсаңында мектебіміздің 8 " А" класының оқушылары класс жетекшісі Гулнара Рақымжанқызымен бірге Қарлыға әжейді мерекесімен құттықтап, өз қолғабыстарын көрсетіп, батасын алып қайтты.





Ұстаздардың кәсіби мерекесі карсаңында ҚР Білім және ғылым министрлігі бастаған " Ұстазыңды құттықта!" челленджіне Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің түлектері де белсене катысып , ұстаздар күніне арнаған құттықтауларын жолдады. Биылғы жылы мектебіміздің ашылуына 16 жыл толуына байланысты әр жылғы ұшырған 16 түлектің тілектерін назарларыңызға ұсынамыз.








"Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен "20 минут оқы да 3 минут эссе жаз" кітап оқу марафоны 4- кластар аралығында өткізілді. "Ақылды әңгімелер "кітабынан таңдап алынды.




Мектебіміздің биылғы түлектері Ұстаздардың кәсіби мерекесі қарсаңында " Ұстазға мың алғыс!" атты мерекелік концерт қойып, өздерінің жүрекжарды ықыластарын білдіріп, мерекеде ұстаздарына көтеріңкі көңіл күй сыйлады.ТҮЛЕКТЕРГЕ СӘТТІЛІК!!!Класс жетекшісі: Г.Т. Такеева






Ұстаздар күні мерекесіне орай мектебіміздің жас ұстаздары арасында " Көңілді мәре " спорттық сайысы өтті. " Жалын" , " Дарын" , " Жастар" тобынан құралған жас ұстаздар сайыстың қызықты өтуіне белсене ат салысты. Сайыстың нәтижесінде "Жастар" тобы оқ бойы озық шығып I орын иеленді.



08.10.2021ж Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- інде " Өрт кезіндегі қызметкерлердің іс- әрекеті" оқу жаттығуы өткізілді.






2011 жылғы 19 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 66/170 қарар қабылдады, 11 қазанды Халықаралық қыздар күні деп жариялап, олардың құқықтарын мойындады.Халықаралық қыздар күніне орай мектебімізде " Сымбат" қыздар клубының мүшелерімен осы оқу жылының алғашқы қыздар жиналысы өтті. " Сымбат" қыздар клубының жетекшісі Нурия Қайырбекқызы қыздар клубының жылдық жоспармен таныстырып, клубтың белсенді мүшелерін сайлап алды. Күн тәртібіндегі барлық мәселе қаралып, ұсыныстар қабылданды.





Ағымдағы жылдың қазан айында жылдық жоспарға сәйкес 1-4 сыныптар арасында " Күзгі табиғат көрінісі" сурет байқауы өтті. Ұйымдастырушы мектеп тәлімгері.





«Өркен» театры КАСТИНГКЕ ШАҚЫРАМЫЗ!!□ Ұйымдастырушы театр жетекшісі Ж. Құрымбаева ұйымдастырды.









Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен "Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында " Бір кітап-бір сынып" жобасында кітапхана оқырманы Муханбетқызы Диана М.Твенның "Приключения Тома Сойера" повесіне-145 жыл толуына орай өзінің оқығаны туралы оқырмандарға баяндап берді. Қалың оқырмандарды кітап оқуға шақырды.




Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз -Қазақстан апталық аясында 9 "А" класында " Зорлық-зомбылықсыз болашақ!" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.
Класс жетекшісі: Ермаханова Н.М






Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз -Қазақстан апталық аясында "Жігер" ер балалар клубының мүшелерімен " Ұл тәрбиесі- ұлт тәрбиесі" атты кездесу өтті.



Жылдық жоспарға сәйкес дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай "Өзге емес, өзім айтам өз жайымда" атты поэзия сағаты өтті. Іс-шара барысында алтынның кесі, асылдың сынығы, қайсар ақын, тума талант иесі Қасым Аманжоловтың өмірі және шығармашылығын оқушылар жатқа айтса, мектеп кітапханашылары әзірлеген жылжымалы көрмелерімен оқушыларды таныстырып, ақынның кітаптарын оқуға шақырды.
Дайындаған : " Өрлеу" бірлестігінің мүшесі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Туралина Салтанат Биболатқызы.



" Рухани келісім күні- тұрақтылықтың іргетасы" апталығы аясында 1" А" класында " Толеранттылық- әлемге жол" тақырыбында тәрбие сағаты өтті.
Класс жетекшісі: Г.Ш.Оразова





"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханасында 4"А" класс оқушыларының катысуымен ақын-жазушылармен әдебиет майталмандарының мерейтойларына орай Ы.Алтынсаринге-180 жыл, Ж.Жабаевка -175 жыл, М.Мақатаевқа- 90 жылдығын атап өту барысында "Үш ғұмыр,бір тағдыр" атты ашық тәрбие сағаты өткізіліп, "Заманымыздың заңғар тұлғалары" атты кітап көрмесіне ауызша библиографиялық шолу жасалды. Мектеп оқушыларын кітап оқуға шақырамыз!Кітапханашылар: Л.Р.Алмаханова , А.Муханбетова






"Дәстүр мен ғұрып" жобасы аясында " Даламды күймен тербедім" тақырыбында казактың әйгілі күйші- композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына 160 жыл толуына байланысты мектебіміздің " Көркем" домбыра үйірмесінің мүшелері әзірлеген домбырашылар челленджі.






" Күзгі демалыс - бақытты бала жүзін көру!" атты мектепішілік жоспар аясында балалардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді өткізу үшін мектебіміздің 1 сынып оқушылары аудандық музейге саяхат жасап келді. Эстетикалық бағыттағы " Мәдениеттің ғажайып әлемі" атты бұл саяхаттың мақсаты:оқушылардың ой- өрістерін, танымдық қабілеттерін арттыру, туған өлке тарихына деген қызығушылығын қолдау және дамыту.




" Күзгі демалыс - бақытты бала жүзін көру!" атты мектепішілік жоспар аясында балалардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында мектебіміздің 6 сынып

оқушыларымен мектеп психологтары " Өмір- бақыт.Бәрі өз қолыңда" атты құқықтық бағыт бойынша тренинг өткізді.



Ағымдағы жылдың 3- ші қазанда " Күзгі демалыс - бақытты бала жүзін көру!" атты мектепішілік жоспар аясында аға тәлімгердің ұйымдастыруымен " Құқығым бар..." тақырыбында " Жасұлан" ұйымының белсенді мүшелерімен дөңгелек үстел өтті.



" Күзгі демалыс - бақытты бала жүзін көру!" атты мектепішілік жоспар аясында балалардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында эстетикалық бағытта 2 сыныптар арасында " Күз бояулары " сурет көрмесі өтті.



Бүгін 4- ші қазанда " Күзгі демалыс - бақытты бала жүзін көру!" атты мектепішілік жоспар аясында АӘД пәнінің мұғалімі А.К.Сармановтың ұйымдастыруымен 10 сыныптар арасында " Жас мерген" спорттық сайысы өтті.Сайыстың нәтижесінде ер балалар арасынан□ 1орынды САЛМАНОВ НҰРХАН иеленсе, қыздар арасынан □БАЗАРБАЕВА ТҰМАР иеленді.




2021 жыл 1 қараша күні онлайн форматта 5-7 сынып оқушылары арасында «Туған елің – Қазақстанды жақсы білесің бе?» атты республикалық балалар оқулары байқауының аудандық

кезеңі өткізілді. Байқауға 12 мектептен 60 оқушы қатыстырылды. . Байқау қорытындысы бойынша:Т.Жүргенов ат. ЖОББМ оқушылар командасыI орын иеленіп , облысқа жолдама алды.Байқаудың мақсаты балалардың кітап оқуға деген құштарлығын қалыптастыру, еліміздің тарихы, географиясы, астрономиясы және мәдени дәстүрлерімен таныстыру, сонымен қатар жас ұрпақ бойында еліне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеяларын сіңіру.Мектебіміздің намысын қорғап жеңімпаз болған 7"А" класс оқушыларын жеңістерімен құттықтай отырып, облыстық кезеңге сәттілік тілейміз!
Класс жетекшісі: Б.Т.Садуова



" Күзгі демалыс - бақытты бала жүзін көру!" атты мектепішілік жоспар аясында балалардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында тарих пәнінің мұғалімдері Н.Қ.Аязбаевамен М.Т.Бижанов 8 кластар арасында " Тарих беттерінен..." тақырыбында интеллектуалды ойын өткізді. Ойын нәтижесінде 8" А" класс оқушылары жеңіске жетті.



" Күзгі демалыс - бақытты бала жүзін көру!" атты мектепішілік жоспар аясында балалардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді өткізу үшін мектебіміздің 3-4 кластар арасында азаматтық- патриоттық бағыт бойынша " ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ " патриоттық әндерден челленджі ұйымдастырылды.



" Күзгі демалыс - бақытты бала жүзін көру!" атты мектепішілік жоспар аясында балалардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді өткізу үшін мектебіміздің 3-4 кластар арасында азаматтық- патриоттық бағыт бойынша " ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ " патриоттық әндерден челленджі ұйымдастырылды.

Күзгі каникул кезінде экологиялық бағыт бойынша " Табиғатты аялап сақтайық! " тақырыбында акция өтіп, 9" А" класс оқушылар қоршаған ортаны қоқыстан тазалауға ат салысты.
Класс жетекшісі: Нургул Магауияқызы



Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің психологиялық қызметі бойынша "Отбасындағы зорлық-зомбылык мәселесі бойынша" мектеп оқушыларына арналған анкетаның корытынды. АныктамасыСауалнама 6,7,8 класс оқушыларынан алынды. Сауалнамаға барлығы 137 оқушы катысты.Ер - 69, Қыз-68




Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп.

Мектеп психологтарының психологиялық қызметі бойынша оқушылармен жүргізген " Зорлық-зомбылықтың алдын алу" тақырыбындағы дөңгелек үстелі.

Мақсаты:

1. Оқушыларға зорлық-зомбылықтың кері әсерлерін түсіндіру.
2. Ата-аналармен жағымды қарым-қатынас орната білуге үйрету.
3. Оқушыларды зардап шеккен жағдайда психологиялық тұрғыдан күресе білуге тәрбиелеу.

I. Сәлемдесу жаттығуы

II. Ақпараттық бөлім. Бейне баян

III. Моншақ жаттығуы

VI."Өз мәтініңді құра" жаттығуы





«Туған елің – Қазақстанды жақсы білесің бе?» республикалық балалар оқулары байқауының облыстық кезеңінің қорытынды шешімі бойынша мектебіміздің 7 "А" класс оқушылары жүлделі□орын иеленді.

2021 жылғы 11 қарашада жалпы білім беретін мектептердің 5-7 класс оқушылары арасында «Туған елің – Қазақстанды жақсы білесің бе?» республикалық балалар оқулары байқауының облыстық кезеңі М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп – интернатында өткізілді.

Облыстық байқауға аудан, қала мектептерінен және облыстық білім беру ұйымдарынан барлығы 17 топ, 85 оқушы қатысты.

Қатысушылар өздері оқыған «Сиқырлы жұлдызша», «Атамекен сиқырлы елінің аңыздары», «Сиқырлы қазғыш-таяқша», «Қазақстан елімен сиқырлы саяхат» кітаптарының мазмұны бойынша, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы қойылған сұрақтарға жауап берді.

ШӘКІРТТЕРГЕ ЖЕҢІСТЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН ДЕЙМІЗ!!!

7 "А" класс жетекшісі: Б.Т.Садуова. Мектеп кітапханашылары:Л.Р.Алмаханова, А.Д.Мухамбетова







" ТАРИХ"."ТАҒДЫР"."ТҰЛҒА" тақырыбындағы көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Т.Жүргенов арналған апталық аясында мектебіміздің кітапханашылары Л.Р.Алмаханова мен А.Д.Мухамбетова " Қазақ руханиятының қамқоры" атты ауызша журнал ұйымдастырып, мектеп оқушыларына Ұлы тұлға туралы кең көлемде мәлімет береді.




Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің кітапханашылары мен ұстаздарының ұйымдастыруымен "Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында " Тыныш оқу", " Мағыналы оқу" оқу сағаттары өтілуде.






Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інің кітапханашылары мен ұстаздарының ұйымдастыруымен "Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында " Тыныш оқу", " Мағыналы оқу" оқу сағаттары өтілуде.





Мұз қату кезіндегі қауіпсіздік

Әйтеке би ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қыс мезгілінің келуіне орай аудан тұрғындары мен қонақтарына мұз қату кезіндегі қауіпсіздік туралы ескертеді.

Мұны білу керек

Тұщы суда адам үшін қауіпсіз болып 10 сантиметрден кем емес қалың мұз саналады.

Өзеннің сағасы мен ағысты жерлерінде, ағаштар мен бұталар және қамысқа жақын жерлерде мұз әлсіз болады.

Егер ауа температурасы 0 градустан жоғары болса, мұздың беріктігі 25% төмендейді.

Мұздың беріктігін көзбен шолып та анықтауға болады: көгілдір түсті мұз – берік, ақ – оның

беріктігі 2 есеге кем, сұр, күңгірт ақ немесе сарғыш мұз - сенімсіз.
Егер келеңсіз жағдайға тап болсаңыз.

Егер сіз суық суға түсіп кетсеңіз не істеу керек:

Үрейге бой алдырмаңыз, оқыс қимыл жасамаңыз, бірқалыпты тыныс алыңыз.

Қолды жағыңызға қаратып, мұздың шетіне ілуге тырысыңыз.

Кеудемен мұз шетіне мұқият жатып, бір, содан кейін екінші аяқты мұзға лақтыруға тырысыңыз.

Егер мұз шыдас берсе, сырғанап, жағаға қарай баяу еңбектеңіз немесе жербауырлап жылжыңыз.

Қай жақтан келдіңіз, сол жаққа қарай шығыңыз, мұндағы мұздың беріктігін білдіңіз ғой.
Егер сіздің көмек қажет болса:

Кез-келген ұзын таяқты, тақтаны немесе арқанды пайдаланыңыз. Шалмаларды, белдіктерді немесе киімдерді біріктіруге болады.

Бұл ретте қолдар мен аяқтарды кең орналастырып, құтқару құралдарын өз алдыңызда итере отырып, алдыға абайлап сырғыңыз.

Суда тұрған адамнан бірнеше метр қашықтықта тоқтаңыз, арқанды, киімнің шетін лақтырыңыз, таяқ немесе сырық беріңіз.

Зардап шегушіні мұздан абайлап шығарып, еңбектеп немесе бауырыңызбен сырғанау арқылы қауіпті аймақтан шығыңыз.

Қай жақтан келдіңіз – сол жаққа қарай шығыңыз.

Зардап шегушіні жылы орынға апарыңыз. Оған көмек көрсетіңіз: дымқыл киімін шешіп, шүгамен немесе қолмен суланған денені тері қызарғанша спиртпен немесе арақпен сылаңыз. Ыстық шай беріңіз. Ешбір жағдайда зардап шегушіге ішімдік бермеңіз – мұндай жағдайларда бұл өлімге әкелуі мүмкін.
Әйтеке би ауданыныңТөтеншежағдайларбөлімі




**Абай болыңыз!**

16.11.2021ж аудандық ПБ ЖПҚБ ювеналдық полиция инспекторлары мектебімізге келіп, оқушылардың құқықтық білімдері және заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру мақсатында, жасөспірімдерді қылмыстық әрекететтерден бойларын аулақ ұстауға шақырды.
Қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен таныстырды. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс жасау бүгінгі қоғамның күн тәртібінен түспейтін түйткілді мәселе екендігі туралы түсінік жұмыстарын жүргізді.
Жиналыс барысында қылмыстың алдын алу, баланың бұрыс жолға түспеуі, ата-ананың, мектеп пен мектеп инспекторларының бірлескен іс-қимылына байланысты екендігі туралы айтылып өтті.



2 "Б" класында жылдық жоспарға сәйкес Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай "Ұстазын ұлы тұтқан ел ертеңі жарқын болмақ "атты ашық тәрбие сағаты өтті.
Тәрбие сағатының мақсаты – алғашқы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірімен, шығармаларымен оқушыларды таныстыру. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері арқылы имандылыққа,

адамгершілікке, еңбекқорлыққа баулу және ұлы тарихи тұлғаны есте сақтауға, құрмет тұтуға, үлгі алуға тәрбиелеу.Класс жетекшісі: Шалжанова А.Н.



Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша тәрбиенің жылдық жоспарына сәйкес Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына 7"А" класс оқушылары" Ұлы даланың ұландары тақырыбында зияткерлік ойынды аудандық кітапханада өткізіп келді. Ұйымдастырған класс жетекшісі Садуова Б.Т




Рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес 15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай " Теңге- Тәуелсіздік келбеті тақырыбында 6" Б" класында сыныптан тыс шара өтті.Класс жетекшісі: Туребекова Г. Қ



23.11 .2021 ж зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша 10 кластар арасында " Қызық екен" интеллектуалды сайыс өтті. Сайыстың мақсаты: әлемнің әр түкпірінде болып жатқан түрлі қызықтарға саяхат жасап, оқушы санасына мүлде кіріп шықпаған тың ақпараттармен қаны-ктыру.Білім қоржынын молайтатын ағыл-тегіл ақпарат, ойлау қабілеттерін арттыратын логикалық сауалдар, әдемі астарлы әзіл, шығармашылық еркіндікке баулу;Ұйымдастырған: Ермаханова Н.М



«Мектеп пен ата-ананың тілдескені-білім мен тәрбиенің үндескені» атты
жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. Кезекті «Мектеп пен ата-ананың тілдескені-білім мен тәрбиенің үндескені» аттыжалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті.



Ақын, Қазақстанның халық жазушысы Мариям Хакімжанованың 115 жылдығына орай " Өнегелі бір сағат" жоба аясында мектепте, үзілісте... " М.Хакімжанованың өлеңдерін оқимыз" тақырыбында бірыңғай оқу сағаты 9"Ә" класс оқушылары.Класс жетекшісі: Мұхамбетова Д.Е



Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша, оқуға құштар мектеп"жобасы аясында Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай, жылдық жоспарға сәйкес мектебіміздің 6 класс оқушылары , қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Ш.Мамыровамен бірге аудандық кітапханаға " Ата аманатына адалдық" тақырыбында саяхаттық көрме жасады.



" Зорлық- зомбылыққа қарсы 16 күн" халықаралық акция аясында мектебімізде 10 класс оқушыларына жасөспірімдер мен жастарға денсаулығын қорғау, қауіпсіз сексуалдық жүріс- тұрыс, қаламаған жүктіліктің алдын алу , сондай- ақ ЖЖБИ/ АИТВ беру мәселелері бойынша кеңес беру мақсатында класс жетекшілері тәрбие сағатын өткізді.
Класс жетекшілері:10 " А" класс Бақтыбаева А.Д. 10 " Ә" класс Олжабаева Г.М.



Мектеп психологтары " Зорлық- зомбылыққа қарсы 16 күн" халықаралық акция барысында жасөспірімдер арасында жедел жағдайды тұрақтандыруға, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған іс- шаралар аясында ата- аналармен кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп,брошюра таратты.




" Сүйіспеншілік- адамның басты касиеті, ақиқат оның негізгі, дұрыс әрекет оның шынайы өмірі" тақырыбында 3 кластар аралығында тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: Риясыз сүйіспеншілікпен ғана өмір мәнді болатынын оқушыларға ұғындыру.



" Сымбат" қыздар клубының төрайымы Н.Аязбаева мен мектеп медбикесі М Байғожинаның катысуымен мектеп психологы Б.Дабылова 8 класс оқушыларымен ішімдіктің денсаулыққа зияны туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп,дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Денсаулыққа зиянды әрекеттер: ішімдік ішу, шылым шегу, нашақорлыққа карсы күрес туралы жадынамалар таратты.



Тәуелсіздігіміздің 30жылдық мерей тойы қарсаңында Актөбе облыстық Шекара қызметі департаментінің "Қарашатау"(автокөліктік) шекара бақылау бөлімшесінің әскери қызметкерлерінің атынан екі отбасыға көмек көрсетіп, кайырымдылық жасалды.



"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 5"а",5"ә" сынып оқушыларының катысуымен мектеп кітапханасында "Үздік оқырман" сайысы өткізілді.

Мақсаты: қай оқушы кітапханамен жақсы қарым қатынас жасайды,кім көп кітап оқыған.кітап оқу арқылы кімнің білімі мен білігі артық екенін анықтау.

Осы сайыста "Үздік оқырман" атанған 5"ә" сынып оқушысы Мергенбай Нұрай жеңімпаз атанды.

Ұйымдастырушылар: кітапханашылар



Есімі күллі қазаққа ғана емес, Орта Азияның да тарихи тұлғасына айналған Темірбек Жүргеновтің еңбегі мен асыл мұрасын насихаттау мақсатында, жылдық жоспарға сәйкес " Тұғыры биік тұлға - Темірбек Жүргенов" тақырыбында 11 класта ашық тәрбие сағаты өтті.
Класс жетекшісі: Г.Т.Такеева






ҚР Тұңғыш Президенті күні – 1 желтоқсанда атап өтілетін Қазақстандағы мемлекеттік мереке. Осы мереке қарсаңында мектебіміздің бастауыш класс оқушылары арасында "Тәуелсіздіктің нұры- тұңғыш ЕЛБАСЫ" тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өтті.




ҚР Тұңғыш Президенті күні – 1 желтоқсанда атап өтілетін Қазақстандағы мемлекеттік мереке. Осы мереке қарсаңында 4 "А" класс жетекшісі Бурамбаева М.Б класымен аудандық кітапханаға барып "Тәуелсіздіктің нұры- тұңғыш ЕЛБАСЫ" тақырыбында танымдық сабақ берді.





7 "Б", 3 "Ә" , 1 " Ә" кластарынан құралған «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының ұйымдастыруымен1 желтоқсан Қазақстан Республикасының тұңғыш президент күні " Елін сүйген - Елбасы" тақырыбында мектеп акт залында мерекелік шара өтті.



9 желтоқсан Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай мектебіміздің "Адал ұрпақ" клубының жоспарына сәйкес 2-3 класс оқушылары арасында " Адал еңбек бейнесі" тақырыбында сурет конкурсы болды.



Қазакстан Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновке арналған7 кластар арасында " Темірбек Жүргеновті білесің бе?" атты интеллектуалдық ойын өткізілді.НәтижесіндеІ орын 7" А" класс " Қаламгерлер" тобыІІ орын 7" Ә" класс " Зиялылар" тобы. III орын 7 "Б" класс " Алаштықтар" тобы иеленді.



Қыздар арасындағы мәселелер кімді болса да, алаңдатпай қоймайды. «Қыздың ары – елдің ұяты» деп қазақ халқы бекер айтпаса керек. Қыз баланың тұлымшағы желбіреген күннен бастап «олай істеме, бұлай істеме», «ұят болады» деп үнемі тыйым салғаннан гөрі пайдалы ақыл-кеңестер неге бермеске? Осындай мақсатта қыздар арасында ашық сұхбат жүргізу үшін мектебіміздің 9-11 кластардың қыз балаларымен аудандық ауруханадан мамандар шақырылып кездесу ұйымдастырылды. Бой жете келе, жасөспірім шақта қыз бойында, психологиясында өзгерістер болады. Мұндай жағдайда жақынынан қолдау таппаған олар түрлі келеңсіз жағдайға ұшырап қалуы да мүмкін.
Осындай жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шарада оқушылар гинеколог мамандармен кездесті.



11-желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, мектепішілік 6-сыныптар арасында "Шағын футбол" жарысы өтті. Жарысқа мектебіміздің оқушылары белсене қатысып, жарыс нәтижесі бойынша 1-орын 6"А" сыныбы, 2-орын 6"Ә" сыныбы, 3-орынды 6"Б" сыныбы иеленді. Сондай - ақ, Бекболат Айсұлтан,Қазбай Ернұр және Айкынұлы Сүйіндік жарысымыздың "Үздік ойыншы" атағына ие болды. Жарысқа қатысушылар Диплом және арнайы сыйлықтармен марапатталды. Жарысты ұйымдастырушы, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Матенов.Ж.Ж



Тәуелсіздік жолы - азамат жолы. Тәуелсіздік жолы - бабалар жолы. Тәуелсіздік жолы - үміт жолы...2021 жыл еліміз үшін айрықша, мерейлі де, мерекелі жыл. Тәуелсіздік алғанымызға биыл 30 жыл толды! Тәуелсіздігіміздің 30 жыл толуына арналған апталық аясында мектебімізде бірыңғай тәрбие сағаттары өтті.



Тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. Қазақстан тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп жатқанына 30 жыл. Мектебімізде осы мерейлі мерекеге арналған апталық жоспар аясында " Тәуелсіз елім, кең байтақ жерім" атты " 3" А", 6 "Ә", 9 "А" кластардан құралған " Шаңырақ" қауымдастығының мерекелік концерті өтті.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновке арналған " Өмірі тұнған өнеге " атты дөңгелек үстел өтті.
Дөңгелек үстелге Темірбек Жүргенов ауылының әкімі Тампишев Серікқали Қартбайұлы құрметті қонақ болып келіп, оқушыларға өзінің игі тілектерін айтып, алғысын білдірді.



Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады.Осы мерейлі мерекеге арналған мектебімізде ауқымды шаралар өткізілді. Соның бірі де бірегейі " Тәуелсіз ел- Қазақстан" тақырыбындағы 2-4 кластар аралығында өткен Тәуелсіздікке арналған жырларды жатқа оқу сайысы және 5-7 кластар аралығында өткен ұлттық биімізді дәріптеген би сайысы.



ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған апталық аясында "Тәуелсіздік мәңгілік-елдің тұғыры" атты 5 класс оқушыларын " Жас ұлан", 1 класс оқушыларын " Жас қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсімі өтті.



1"А", "Ә", " Б" сынып оқушыларының "Қош бол, сүйікті әліппем!" тақырыбындағы Әліппемен қоштасу ертеңгілігі.



Каникул кезіндегі оқушылардың қысқы демалысын тиімді өткізу, пайдалы және белсенді іс- әрекетін ұйымдастыру жүйесін дамыту мен жетілдіруге бағытталған мектепішілік жоспар аясында 6 класс оқушыларымен аудандық ТЖД мамандарымен онлайн кездесу ұйымдастырылды.




Каникул кезіндегі оқушылардың қысқы демалысын тиімді өткізу, мақсатында құрылған мектепішілік жоспар аясында 4 "Б" класс оқушылары Жаңа жылдық онлайн -шеберханасы " Өз колынмен жасаған сыйлық ең керемет сыйлық" атауымен жақындарына сыйлық сыйлады.
Класс жетекшісі: Г.С. Абилова



"Жаңажыл -отбасылықмереке "фотоколлаж байқауы. 3" А" класы. Класс жетекшісі: О.С.Көшкінбаева



Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ нің Н.Мағауияқызы жетекшілік ететін 9"А"сынып оқушылары ауданымыздағы төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерімен және жастар ресурстық орталығының волёнтерларымен бірлесіп,аудан орталығындағы автокөлік иелеріне өрттен сақтану шаралары жөнінде

түсіндірме жұмыстарын жүргізді.Өрт кезіндегі алғашқы әрекеттер туралы сауалдар қойылып,үлестірмелі қағаздар таратылды.



" Жемкорлықтың тарихи тамыры" тақырыбында өскелең жас ұрпақтың өн бойына адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас буынның рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемкорлыққа карсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-нің 5 " Ә" класс оқушыларымен класс жетекшісі А.К.Ешимбетова және мектебіміздің ДТІЖО бірлесіп қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты бір сынып, бір класс жүйесі бойынша сыныптан тыс шара өткізді.



Қаңтар айында өтетін тәрбие жоспары аясында "Адалдық жүрген жерде- адамдық жүреді" тақырыбында 2 "А" класында бір сынып, бір класс жүйесі бойынша ДТІЖО- мен бірлескен тәрбие сағаты өтті.Класс жетекшісі: Г.Б.Нагишева



Еңбек , экономикалық және экологиялық бағыт бойынша 10 " А" класында "Алуан- алуан кәсіп бар,таңдай біл де, талап қыл" тақырыбында ашық тәрбие сабағы өтті.
Класс жетекшісі: А.Д.Бақтыбаева



Ұлттық тәрбие бағыты " Өнегелі бір сағат" жобасы аясында " Ұлттық ойын- халық мұрасы" тақырыбында 4 " В" класында ашық тәрбие сағаты өтті.
Халқымыздың тарихи – мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай – қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлт ойындары. Ашық сабақ оқушыларға ата - бабамыздан бізге жеткен баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз ұлттық ойын екендігін біліп өсуге, қызығушылықтарын арттыруға, денсаулықтарын шыңдай білуге тәрбиелеу мақсатында жүргізілді.



Көпмәдениеттік және көркем- эстетикалық тәрбие бағыты бойынша мектеп тәлімгері Тілепбергенова Р Өзін- өзі басқару ұйымымен " Оқушы мен ұстаз мәдениеті" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Дөңгелек үстелге катысушылар оқушылар мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынас жасау мәселесі – психология ғылымындағы және тәлім-тәрбие ісіндегі әрі маңызды,әрі күрделі проблемалар жөнінде пікірлерімен бөлісті.



Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша " Салауатты өмір салтын сақтау жобасы аясында "«Көңілді спорттық ойындар» тақырыбында 2-3 кластар арасында сайыс ұйымдастырылды.



Әйтекеби аудандық кітапханасында коворкинг орталығында мемлекет қайраткері Д.Қонаевтың 110 жыл толуына орай "Қазағын сүйген қайраткер " атты танымдық кеш өтті.
Танымдық кешке мектебіміздің 8"б" сынып оқушылары және жетекшісі Құрымбаева Жансая қатысып келді. Кеш барысында Д.Қонаев туралы мәлімет беріліп,слайдтар көрсетілген. Библиограф А.Ермағанбетова "Ұлағатты ұлы толға" атты кітап көрмесіне шолу жасаса, оқушылар "Халқының ұлы перзенті" өленің үзінді шумақтарын оқып, өз үлестерінде қосқан.



Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша 1 "Б" класында жылдық жоспарға сәйкес ашық тәрбие сағаты өтті.Класс жетекшісі:Ж.Б.Өтеген.



01.02.2022 күні "Өзін- өзі тану : Сүйіспеншілік пен Шығармашылық онкүндігі аясында "Өзін-өзі тану" бағдарламасының авторы Сара Алпысқызына арналған "Балаға жүрек жылуы"атты тақырыпта 9 "Ә" класында тәрбие сағаты өтті.



Көпмәдениеттік және көркем эстетикалық бағыты бойынша 4" А" класында " Мұқағалиға 90 жыл" тақырыбында жылдық жоспарға сәйкес ашық тәрбие сағаты өтті.
Класс жетекшісі: М.Б.Бурамбаева



Қазак поэзиясының символына айналған Мұқағали Мақатаевтың жыл сайын туған күні карсаңында мектебімізде тәрбие сағаттары, әдеби кештер үздіксіз өткізіледі. Биылғы жылы да акиық ақынның туылған күніне орай 1"Ә" класында " Мұқағали- мәңгілік ғұмыр" тақырыбында ашык тәрбие сағаты өтті.Класс жетекшісі:Г.А. Балмашева



Рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес
" Ұлттын ұлы ұстазы" ұлт мақтанышы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлынын 150 жылдык мерейтойына орай 8 " Ә" класында" Ұлттың ұлы ұстазы" тақырыбында ашык тәрбие сағаты өтті.Класс жетекшісі:Г. Л .Еспенбетова.



2022 жылдың 7 ақпанында «Патриоттық, адамгершілік, қайырымдылық» тақырыбында Т.Жүргенов орта мектебінде «MAXCIMUM» дебет клубының ұйымдастыруымен дебат өтті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Б.Құдайбергенов дебаттық ойынды салтанатты түрде ашты. Дебат жетекшісі Ж.К.Ешимбетов ойын ережелерімен таныстырды. Дебатқа «Қазақ зиялылары» фракциясы мен «Ұшқын» фракциясы қатысты. Оқушылар қарар тақырыптарын ашып, белсенділік көрсетті.



Ақиық ақын-Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай 8" А" класы «Мұқағали- мәңгілік ғұмыр » атты 2 бөлімнен тұратын кең көлемде сыныптан тыс шара өткізді.
Класс жетекшісі: Г.Р.Бегимбаева



Көпмәдениеттік және көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес 2 " Ә" класында" Кітап- сенің ақылшың" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.Класс жетекшісі: Г.А.Сапарова



Мектепішілік волейбол секциясы бойынша 8—11 класс оқушыларының қыз балалар арасында волейбол жарысы өтті.



Ақпан айының 11- і күні " Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды" тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа аудандық ПБ ЖПҚБ ювеналдық полиция инспекторлары қатысты.Мектеп директоры Л.Х.Еспанова құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейту мақсатында мектебімізде дәрістер оқылып, үгіт- насихат жұмыстарының жүйелі жүргізіліп , орындалып отырғанын дәлелдермен жеткізді.



Жасөспірімдерге психикалық денсаулықтың маңызын түсіндіріп, ақпараттандыру мақсатында 8 класс оқушыларына мектеп психологтары"Көңіл күйіңді көтеріп, қуана біл!" тақырыбында тренинг - сабақ

өткізді. Оқушыларға өзінің психологиялық - эмоциялық жай күйін қалай жақсартуға және стрестік жағдайларға қалай төзімділік танытуға болатыны туралы ақпарат - кеңестер ұсынды.



Рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес
поэзия әлеміне қайталанбас кәусар сезім сыйлаған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевқа арналған " Қазақ поэзиясының Хан -Тәңірі " тақырыбында 9 "Ә" класында ашық тәрбие сағаты өтті.
Класс жетекшісі: Муханбетова Д.Е.





Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес "Жыр алыбы - Жамбыл" тақырыбында өткен 8"Ә" класының тәрбие сағатында " Ұлағатты ұрпақ" мәдени- білім беру платформасын пайдаланып, оқушыларға толық мәлімет берілді.
Класс жетекшісі: Еспенбетова Г.Л.



" Әке жолы- ізгі жол" атты әкелер апталығы. Мектепішілік әкелер жиналысы өткізілді. Жиналысқа жетпістен аса әкелер қатысты.



Мектеп психологтары және әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын насихаттай отырып, оқушылардың денсаулығын арттырып, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу мақсатында ЕБҚЕ 4-9 класс оқушылар арасында "Көңілді старт" спорттық сайысы өтті.



Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ - де " Әке жолы- ізгі жол" атты әкелер апталығы аясында 8- 10 класс оқушыларының арасында " Көсбасшы әке" тақырыбында интеллектуалдық ойын өтті. Ойынға 6 оқушы әкелерімен қатысып нәтижесінде " Көшбасшы әке" атағын 8 "Б" класс оқушысы Қапан Ақнұрдың әкесі Асқаров Қайыржан иеленді.

Шараға қатысқан барлық әкелерімізге мектеп әкімшілігі атынан алғыс білдіреміз!



.Жүргенов атындағы ЖОББМ - де " Әке жолы- ізгі жол" атты әкелер апталығы аясында 23.02 күні 3-4 класс аралығында спорттық ойындар өтті. Ойынға 7 оқушы әкелерімен қатысты.

Сайысқа ат салысқан отбасылар:

4" А" класс Амангелді Аңсар. Әкесі: Адилханов Солдатбек

4" Ә" класс Мергенбай АйаруӘкесі: Кожагулов Сембай

4" Б" Қапан НұрбақытӘкесі: Асқаров Қайыржан

4" В" Төретаев АрсенӘкесі: Абжанов Арман

3"А" класс Қуандықов ҚанышӘкесі: Қуандықов Кенжебек

3 "Ә"класс Амантай ПеризатӘкесі: Муханов Жасарал

3"Б" класс Елемесова ӘсемгулӘкесі: Елемесов Нұржан

Нәтижесінде:Бас жүлде Қуандықовтар отбасы

□Адилхановтар отбасы □Кожагуловтар отбасы□Асқаровтар отбасы иеленді.

Барлық отбасылар мектепішілік алғыс хатпен марапатталады.

Мектеп әкімшілігі атынан белсенді әкелерімізге зор алғысымызды білдіреміз.



Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ - де " Әке жолы- ізгі жол" атты әкелер апталығы аясында "Әкеге қарап ұл өсер" тақырыбында " Бәйтерек " әкелер клубының төрағасының қатысуымен ер балалар жиналысы өтті.



Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ - де " Әке жолы- ізгі жол" атты әкелер апталығы аясында 6 "Ә" класында "Әке - асқар тау" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.
Класс жетекшісі: Тілепбергенова Р. Б.



" Алғыс айту парызым..." бірыңғай сынып сағаты өткізілді.




Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес 1 "А" класында «Төрт түлігім байлығым» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.Класс жетекшісі: Г.Ш.Оразова.



Рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес
Ұлы ақын, қайталанбас жырау Жамбыл Жабаевқа арналған " Жыр алыбы- Жамбыл" тақырыбында 7 "Ә" класында ашық тәрбие сағаты өтті.Класс жетекшісі: Жақсыбаева Ғ.О.



Рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес
" Сыр сандық " тақырыбында 3 "Б" класында ашық тәрбие сағаты өтті.Класс жетекшісі:Смайлова Г. З



Халықаралық азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ) Бас ассамблеясының бұрыштамасына сәйкес жыл сайын 1 наурыз Бүкіләлемдік азаматтық қорғаныс күні болып аталып өтіледі, осыған орай Т.Жүргенов

атындағы ЖОББМ-інің 9"А" класс оқушылары класс жетекшісі Ермаханова Н.М бірге аудандық ТДЖ мекемесіне барып ашық есік күніне қатысып келді.



" Карттарым- асыл казынам" өзін- өзі басқару ұйымдары мүшелері қарттармен кездесіп, Алғыс айту күнімен құттықтап қайтты.




10 "Ә", 7 "Ә" , 4 " А" кластарынан құралған «Шаңырақ» оқушылар қауымдасытығының ұйымдастыруымен1 наурыз Алғыс айту күні " Алғыс айту- парызым" тақырыбында мектеп акт залында мерекелік шара өтті.




1 наурыз күні әлемнің көптеген елдерінде Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымының ұйымдастыруымен «Дүниежүзілік Азаматтық Қорғаныс» күні атап өтіледі. Жылдағы үрдіс бойынша Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-де айлық жоспар құрылып, өз жұмысын бастады. 01.03 .2022 ж 6 "А" класында " Төтенше жағдайлар және олардан сақтану жолдары" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатына аудандық ТЖ мекемесінің № 9 Өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы лейтенант Н.А. Жоламанов және мектеп АӘД мұғалімі А.К.Сарманов қатысып, оқушылардың сауалдарына жауап берді.Класс жетекшісі: Н.Қ.Аязбаева.



" Алғыс бата- бата ал" атты акция аясында мектебіміздің " Көмек" еріктілер клубының мүшелері карт кісілердің үйіне барып, қолғабыстарын көрсетіп, бата алып қайтты.




Аналар мерекесі карсаңында мектебіміздің биылғы түлектері " Анаға сый" атты мерекелік концертін аяулы аналарға, нәзік жанды ұстаздар кауымына арнады. Түлектер өздерінің аналары мен ұстаздарына шексіз алғыстарын білдіріп, мерекелік көңіл- күй сыйлады.
Класс жетекшісі: Г.Т.Такеева



Ұлағатты ұстаз- аналарға арналған 2 "Б", 5 "А", 8 "Ә" кластарынан құралған «Шаңырақ» кауымдасытығының ұйымдастыруымен8 наурыз халықаралық әйелдер күні" Ана- өмірдің гүлі " тақырыбында мектеп акт залында мерекелік концерт өтті. Концертке зейнеткер ұстаздар шақырылды.



«Вейп- денсаулыққа өте қауіпті!» атты акциясы аясында 8-11 класс оқушыларына мектеп инспекторының қатысуымен Вейп эпидемиясы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Шығанақ Берсиев атындағы Ақтөбе Жоғары ауылшаруашылық колледжінің арнайы пән мұғалімдері Бимагамбетов Аскар Жумаханович пен Сәтімов Темірбек Айдарұлы 9 класс оқушыларына кәсіби бағадар өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



*Сыйластыкка бастайды.*
Қауыштырып халыкты,
*Ынтымакты растайды...*
Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-інде бүгін 14 наурыз күні Амал мерекесі аталып өтілді.
Баршаңызды 14 наурыз - Көрісу күнімен шын жүректен құттықтаймыз!





"Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт" жобасы аясында мектеп кітапханасында кітапхана оқырмандары арасында "Менің сүйікті кітабым" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оқырмандар өздері оқыған қызықты көркем әдеби кітаптарын ортаға салып, ой бөлісті және өзгелерге оқуға кеңес берді.





Қазақ халқының кез келген мейрамы ақ тілек пен батасыз өтпейді. Бүгін 15 наурыз күні мектебімізде БАТА БЕРУ КҮНІ аталып өтті. "Атамекен " мен " Асар " бірлестігінің мүшелері арнайы жасақталған дәліздегі сахнаға қойылым қойып,ұлттық тағамдардан дастарқан әзірлеп, ас батасы. Наурыз батасы. балаларға арналған бата түрлерін көрсетті. Әжелер бата туралы түсінік беріп, келіндері көрермендерге бата жазылған парақшалар таратты.



«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі», - деген ұлы адамдар. Бүгін 16.03.2022 күні мектебімізде ұлттық киімдерді насихаттауға арналған Шаттық күні аталып өтті. "Өнер" бірлестігінің ұйымдастыруымен ұлттық киімдер шеруі болды. Шеруге мектеп мұғалімдері мен оқушылар ат салысты. Шеруде ақсақал, бозбала бәйбіше, қалыңдық, қыз-келіншектердің ұлттық киім үлгілері көрсетілді.






Табиғат – ол біздің өміріміздің қайнар көзі.Айналамызды тазалау, тал егіп, көшет отырғызу бұл жас ұрпақ үшін тәрбие мен тәлімге толы ұлағатты іс. Ал Қоршаған орта үшін тазалық қашан да бірінші орында тұрады. «Бір тал кессең, он тал ек», «Атаңнан мал қалғанша тал қалсын» деген қанатты сөздерге қарап-ақ көшет отырғызудың, айналамызды көгалдандырудың қаншалықты маңызды

екендігін түсіну қиын емес. 16 наурыз Жайлау күні Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ -інде мектептің ішін жасыл аймаққа айналдыру мақсатында көркейту жұмыстары жүргізілді. Ұстаздар бөлме гүлдерін тарту етіп, қоршаған ортаны аялау арқылы өмір сүру сапасын жақсартуға болатынын шәкірттерге үлгі етіп көрсете білді.



Сарқыт — дәстүрлі қазақ қоғамындағы ежелден келе жатқан салттардың бірі, ырым. Бүгін мектебімізде Сарқыт күні аталып өтті. Сарқыт күніне сахналық қойылым қойған " Өрлеу" бірлестігі мен мектеп кітапханашылары. Қойылым барысында сүбелі салтымыз Сарқыт туралы түсінік беріліп, үлкен астан асатып, жастарға сарқыт беруді көрсетті. Дүбірлі тойдан "Сіздерде де осындай шаттыққа бөленіңіздер,сіздердің де отбастарыңызда осындай қазыналы той көп болсын" деген ырыммен көрермендерге сарқыт таратты. Оқушыларға тәттілер үлестірілді.



Бүгін мектебімізде "Игі істер күні"қайырымдылық шарасы өтті. Бұл шараға мектеп ұжымы оқушыларымызға оқу құралдар мен тәттілерді сыйға тартып, мерекелік дастархан жайды. Қайырымдылық шарасы Наурыз мерекесін, ұлттық ойындарды, ұлттық киімдерді, ұлттық асымызды насихаттай отырып, жақсы көңіл күй сыйлады.
Ұйымдастырушылар: психологтар, әлеуметтік педагог, дефектолог маман.






Наурыз мейрамы – ерте заманнан түркі тілдес халықтары арасында кеңінен тойланып, заманына сай жаңарып, жаңғырып келе жатқан ұлттық мереке. Күн мен түннің теңеліп, малдың аузы көкке тиген ырыстың басын қазақ елі «Ұлыстың Ұлы күні» деп атап кеткен. Айнала көкжиекке оранып, тіршілік атаулысы қайта түлеп жаңарар атаулы мерекені Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- де кең көлемде атап өтті. Соның бірі 1- 11 класс оқушылары арасында өткен "Армысың Әз Наурыз!" атты мерекелік концерт.
Мерекелік шара мектеп директоры Л.Хамзақызының ақ тілегімен басталып, ән- жырмен өрнектелді. Көнеден- жаңаға,атадан- балағамұраболғансалт- дәстүріміздәріптелді.



Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне орай 20 наурыз "Шаттық" күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен ұстаздар арасында " Ақылшы ене, ибалы келін " отбасылық байқауы өтті. Байқауға мектебіміздің математика пәнінің мұғалімі Оразбекова Фариза Орынғалиқызы енесімен қатысып, жүлделі I орын иеленді.





Әйтеке би аудан орталығының мәдениет үйінің алаңында өткен "Әз Наурыз" мерекелік шараға Т.Жүргенов мектебінің ұстаздары да өз үлестерін қосты. " Балбұлақ" бірлестігі қазақ халқының алуан түрлі ұлттық тағамдарын әзірлеп, мерекеге келген халыққа дәм татқызып, адамдар арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрметті, қамқорлықты білдіретін, кісінің адамгершілігін, имандылығын айқындайтын қонақжайлық ұлттық дәстүрімізді дәріптей білді.






Аудан көлемінде су тасқыны маусымына дайындау мақсатында командалық- штабтық оқу- жаттығулар өтті.Іс- шара 2021-2022 оқу жылына арналған төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша қабылдау - тарату пунктның дайындығын тексеру мақсатында жүргізілді.
Оқу- жаттығу іс- шарасы Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- інің базасында өткізілді.

